



Алаяқтар мүмкіндікті жібермейді – сақ болыңыз!

Алматы қаласының прокуратурасынан азаматтарға арналған жадынама

Назар аударыңыз: алаяқтық!

Кең таралған алдау тәсілдері:

☎ «Алло, полиция/банк сөйлеп тұр»

Есте сақтаңыз: мемлекеттік органдар мен банктердің қызметкерлері ешқашан телефон арқылы кодтарды, құпия сөздерді сұрамайды және ақша аударуды талап етпейді!

💬 Мессенджердегі «достардан» келген хабарламалар

Егер танысыңыздан күмәнді хабарлама келсе, оның сөйлеу стиліне назар аударыңыз – аккаунт бұзылған болуы мүмкін. Міндетті түрде хабарласып, растаңыз.

🌐 Жалған сайттар мен «тиімді» инвестициялар

Сайттың мекенжайын тексеріңіз, пікірлерді оқыңыз, бейтаныс адамдарға ақша аудармаңыз.

🔑 «Біз – ТКШ/әлеуметтік қызмет/қор/еріктілерміз»

Тексеру немесе көмек көрсету сылтауымен үйге кіріп, бағалы заттарды ұрлайды.

🏠 Жылжымайтын мүлікке қатысты алаяқтық

Құжаттарды нотариус немесе заңгер арқылы тексертіңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жасамаңыз!

💻 Онлайн платформалардағы алаяқтық

Бар емес тауарды сатады немесе «алдын ала төлемді» сұрайды.

✉ Жалған аударымдар

«Нөмірлер ұқсас/қателесіп басқа нөмірге жіберіп қойдым, менің нөміріме қайтарып жібере аласыз ба?» деген сылтаулар.

Алаяқтар алдады ма?

- 1 Дәлелдерді сақтаңыз
- 2 Полицияға/прокуратураға жүгініңіз
- 3 Банкке дереу хабарлаңыз
- 4 Көмек алыңыз!

Қалай сақтануға болады?

📞 Саспаңыз.

Телефон арқылы ақша аудармаңыз – бұл алаяқтық!

🔒 PIN-код, CVV және құпия сөздерді айтпаңыз.

«Банкке», «қауіпсіздік қызметіне» немесе «прокуратураға» да.

👤 Қоңырау шалған адамдың тұлғасын тексеріңіз.

Қоңырау күмән туғызса – тұтқаны қойып, ресми нөмірді теріңіз.

📄 Сайттарды тексеріңіз.

Тек сенімді ресурстардан сатып алыңыз.

🚫 Белгісіз адамдарды үйге кіргізбеңіз.

Қызметтік куәлікті талап етіңіз, ұйымға қоңырау шалыңыз.

🕒 Уақытында хабарласыңыз.

Күмән туса – полицияға немесе прокуратураға жүгініңіз.

Пайдалы байланыс деректері:

Алматы қаласының прокуратурасы

📍 Желтоқсан көшесі, 189

☎ +7 (727) 265-03-03

☎ +7 (727) 224-01-68

☎ +7 (707) 415-72-29 – кезекші прокурор

Сайттар:

🌐 www.gov.kz

🌐 www.qamqor.kz

Сақ болыңыз – алаяқтарға мүмкіндік бермеңіз!

Құрметпен, Алматы қаласының прокуратурасы. Есте сақтаңыз: алаяқтар ескертусіз соққы жасайды!